

Хаттама № 5

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«26»қантар 2023 жыл

2023 жыл 26 қантар күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Катысуға тиісті: 7

Катысқаны: 5

Күн тәртібінде:

2023 жылдың қаңтар айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана тазалығы, өнімдердің мерзімі қадағаланып тексерілгенде жөнінде және Қызылқоға ауданы білім бөлімі, Атырау облысы Білім беру басқармасының 2023 жылғы 6 қантардағы № 06-01-06-02-38\66 хатына сәйкес, мемлекеттік орта мектептегі бір окушыға арналған ас мәзірінің 2 апталық жаңадан бекітілген тізбесі бойынша тамақ беріліп жатқандығы жөнінде айтып өтті.

Жарыссе:

Г. Шайғалиева (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2023 жылдың қаңтар айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының сөзін тыңдап отырмыз. Мектептегі 447 окушының 238 окушысы асханадан тамақ ішеді. Мектеп басшысы айтқандай жаңадан, қаңтар айында мектептегі бір окушыға арналған ас мәзірінің 2 апталық жаңадан бекітілген тізбесі бойынша тамақ беріліп жатыр. Балалар тамаққа уақытымен келіп тамақ ішеді. Осы қаңтар айында Ойыл ауылдық округінің зерделеуімен тамақ ішетін аз қамтылған отбасы балаларының құрамына өзгеріс енгізілді. Тамаққа бір окушы қосылды. Тамақтың дәмі, әр балага салыну нормасы бақыланды. Медбике Алмагұл асханадағы кейбір тазалық мәселесі бойынша ескерту жасады. Тамақ сертификаттары жоқ. Н. Нұртілесова (комиссия мүшесі, ДОЖО) Бастауыш балалары да тамаққа уақытылы келіп ішеді. Бірінші сыйнып окушыларын сыйнып жетекшілері тамаққа өздері алғып келеді. Балалар тамақты жақсы ішеді. Асхана іші жарық, таза. Балалар қол жуғыштары жасап түр.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың дайындалу сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбібісі А. Айтбаеваға міндеттелінсін.

2. Қаңтар айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог Г. Шайғалиеваға міндеттелінсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

**Т. Калиева (мектеп директорының м\а)
Г. Шайғалиева (әлеуметтік педагог)**

Комиссия мүшелері:

**Ш. Бисенова (ата-ана)
А. Айтбаева (мектеп медбібісі)
Н. Нұртілесова (ДОЖО)**